

## Алтынсарин ауданы Большая Чураковка ауылдық округіндегі Большая Чураковка ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Большая Чураковка ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 10 сәуірдегі № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 сәуірде № 7730 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Большая Чураковка ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 маусымдағы № 3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Большая Чураковка ауылдық округі әкімінің 27.06.2018 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабына және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алтынсарин аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2018 жылғы 19 ақпандағы № 26 ұсынысы негізінде, Большая Чураковка ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алтынсарин ауданы Большая Чураковка ауылдық округіндегі Большая Чураковка ауылының аумағында ірі қара малдарының бруцеллез ауруының туындауына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Алтынсарин ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алтынсарин аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ұлттық денсаулық министрлігі қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің департаментінің Алтынсарин аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Алтынсарин ауданы Большая Чураковка округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімнің шешімінің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жириялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Алтынсарин ауданының әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Большая Чураковка ауылдық округінің әкімі*

*Ө. Жөкешбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Алтынсарин ауданы әкімдігінің  
ветеринария бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ А. Ергалиев

2018 жылы 10 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрлігі  
Ветеринариялық бақылау  
және қадағалау комитетінің  
Алтынсарин аудандық аумақтық  
инспекциясы" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Б. Бекбосынов

2018 жылы 10 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы  
Ұлттық денсаулық министрлігі  
қоғамдық денсаулық сақтау  
комитетінің Қостанай облысы  
қоғамдық денсаулық сақтау  
комитетінің департаментінің  
Алтынсарин аудандық қоғамдық

денсаулық сақтау басқармасы"  
РММ басқарманың бастығының  
міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_ К. Ботишев  
2018 жылы 10 сәуір

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК